

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Стоматология факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№3 ХАТТАМАСЫ

24.11.2023 ж.

Түркістан қ., 2-корпус, 334 каб.

Қатысқандар: комиссия төрайымы х.ғ.к., доцент А.К. Мамырбекова, комиссия мүшелері: х.ғ.к., доцент Э.Ж. Тулешова; магистр, аға оқытушы А.А. Кушкарлова; оқытушы А. Мусаева; оқытушы Д.Н. Неметова, оқытушы А.Ускенбаева, 504 тобының студенті А. Иса; әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері М. Шалтаева.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен, дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау.
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.
3. ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштар-дағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуін қадағалау.
4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

1-ші сұрақ бойынша: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы (СҚК) мүшесі, Адам патологиясы кафедрасының меңгерушісі А.А. Кушкарлова сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша факультеттің 2023-2024 оқу жылына ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен, дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуіне тоқтады. ҚР БЖҒМ 17.06.2015 ж. №391 «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» бұйрыққа сәйкес оқу және ғылыми әдебиет кітапхана қорының болуы: соңғы он жыл ішінде кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламасы пәндерінің 100 %-ын қамтамасыз ететін, оның ішінде оқыту тілі бойынша басып шығарылған баспа және электрондық басылымдар форматында болуын және «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша дәлелді медицина бойынша халықаралық дерекқорларға институционалдық жазылудың болуын талап етеді. Осыған байланысты әр кафедрада жүргізілетін пәндер бойынша аталған бұйрықтың 2-қосымшасы толтырылады. Біліктілік талаптарына сәйкес «Жалпы медицина» және «Стоматология» білім беру бағдарламалары бойынша әр пәннен оқытылатын тіліне сәйкес, соңғы 10 жылда шығарылған кемінде 1 оқулық немесе оқу құрал, 1 оқу-әдістемелік құрал болуы шарт. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2- қосымшаға енген әдебиеттер әр пәннің силлабусында көрсетілуі тиіс. Оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттері, 6В10189-Стоматология, 6В10156-Стоматология білім беру бағдарламаларына сәйкес электрондық басылымдары бар кітапхана қорын қоса алғанда, ақпараттық ресурстар - 87% қамтиды.

Шешімі: 2023-2024 оқу жылына ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен, дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілу көрсеткіші 87% құрағандықтан, «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» және «Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология» кафедраларының меңгерушілеріне әдебиетпен толықтыру жұмыстары қарқынды түрде жүргізілсін.

2-ші сұрақ бойынша: СҚК төрайымы А.К. Мамырбекова екінші мәселе бойынша сөз алып, ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау туралы айтты. Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі - оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл студенттерге өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына мүмкіндік береді. Ол үшін оқытушы өткізетін сабағында студенттің сабаққа қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беруі керек. Бұл оқытушының шығармашылық ізденісі, үлкен сұранысты талап етеді. Заманауи ақпараттық құралдармен және инновациялық әдістермен жұмыс істеу студенттерді ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді. Оқытудың инновациялық әдістері мен ақпараттық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты- коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Қазіргі кезде сабақтарды ақпараттық технология мен кіріктірілген оқыту технологиясын байланыстыра өту өте тиімді нәтиже береді. Мұнда компьютерді оқытушы қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерге графиктер, схемалар, иллюстрациялар және т.б. жатқызуға болады. Сонымен бірге ақпараттық технологияларды сабақтарда жаңа тақырыпты өткенде, өзіндік жұмысты тексеру кездерінде, аралық және қорытынды бақылау сабақтарында қолдану өте тиімді. Сабақ кезінде слайд-фильмдерді, бейне-сабақтарды пайдалану дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, сабақтың көрнекілігін, тиімділігін, ақпараттың өте жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен, ақпараттық технологиялар мен инновациялық әдістерді біріктіріп білім беру студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыруға және ақпараттық сауатты болып өсулеріне ықпал етеді. Сонымен қатар, факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы медициналық білім беруде келесі әдістерді қолданады: PBL (problem-based learning)- проблемаға бағыттап оқыту, OR (oral report) – презентация, PAL (peer-assisted learning) - құрбы-құрдастары арқылы оқыту, SGL (small group learning) - шағын топтарда оқыту, TaskBL (task-based learning) - мәселелерге/есептерге негізделген оқыту, пікір-талас әдісі, case-study әдісі, жобалау әдісі, деңгейлеп оқыту. Қазіргі кезде оқытушылардың міндеті - сабақты сапалы, тиімді өткізу және студенттерде әр пәнге қызығушылықты арттыру болып табылады.

Шешімі: ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу және оқытушылардың ақпараттық технологиялар мен инновациялық әдістерді біріктіріп білім беру, кафедра меңгерушілердің бақылауына алынсын.

3-ші сұрақ бойынша: СҚК мүшесі, әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері М. Шалтаева ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуіне тоқтады. ҚР БжҒМ 2015ж. №391 «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» бұйрыққа сәйкес оқу және ғылыми әдебиет кітапхана қорының болуы біліктілік талаптың: цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы болып табылады. Осыған байланысты әр кафедрада жүргізілетін пәндер бойынша цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қоры туралы мәліметтер 8-қосымшаға сәйкес толтырылады. 8-қосымшада

көрсетілген әдебиеттер міндетті түрде университеттің Ғылыми кітапханасының қорында болуы керек. Соңғы он жыл ішінде кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламасының 100% пәндерін қамтамасыз ететін электрондық басылымдар форматы, білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның электрондық ақпараттық ресурстарға <https://www.cochranelibrary.com/>, <http://library2.ayu.edu.kz/>, <http://elib.kz/>, <http://www.elsevier.com/>, <http://medline.ru>, <http://rmebrk.kz/> дерекқорларға қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Талдау нәтижесі бойынша ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының қамтамасыз етілу көрсеткіші қанағаттанарлық деңгейде деп есептелінсін.

Шешімі: 2023-2024 оқу жылына ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының қамтамасыз етілу көрсеткіші қанағаттанарлық деңгейде деп есептелінсін.

4-ші сұрақ бойынша: СҚК төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша 2023 ж. қараша айында жүргізілген іс шаралар туралы баяндап, олардың нәтижелері қанағаттанарлық деп тануды ұсынды.

Комиссия мүшелері бір ауыздан қолдады.

Шешімі: Факультеттегі 2023 ж. қараша айында жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:



А.К. Мамырбекова

Мәжіліс хатшысы:



Д.Б. Неметова